

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ  
БАЯНАУЫЛ АУДАНЫ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ  
«Д.РАХМЕТОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

# Ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмысы

2023-2024 оқу жылы

**ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ  
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ  
БАЯНАУЫЛ АУДАНЫ  
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ  
«Д.РАХМЕТОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ  
ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ**

140315 Баянауыл ауданы, Аксан ауылы  
Бектуров көшесі, 13 ғим. тел (71840) 9-05-02  
[d.rahmetov\\_mektep@mail.kz](mailto:d.rahmetov_mektep@mail.kz)

**КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«СРЕДНЯЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ  
ШКОЛА ИМ. Д.РАХМЕТОВА» ОТДЕЛА  
ОБРАЗОВАНИЯ БАЯНАУЛЬСКОГО  
РАЙОНА, УПРАВЛЕНИЯ  
ОБРАЗОВАНИЯ ПАВЛОДАРСКОЙ  
ОБЛАСТИ**

140315 Баянаульский район, село Аксан  
улица Бектурова 13 зд. (71840) 9-05-02  
[d.rahmetov\\_mektep@mail.kz](mailto:d.rahmetov_mektep@mail.kz)

**«2» қазан 2023 жыл**

**Бұйрық №1/1-03**

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау  
орталығының жұмысын жүргізу туралы**

Ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналарымен қарым-қатынасын күшейту берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында

**Бұйырамын:**

1. Дүйсенбай Рахметов атындағы жалпы орта білім беру мектебінде ұйымдастырылатын ата-аналарды қолдау орталығының жұмысын жүргізу
2. Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталығының жылдық жоспарлары құрылып бекітілсін, Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының сапалы өтілуі педагог – психолог А.Н. Дүйсенбай
3. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыстарының жүргізілуін бақылау басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.К. Абылкасоваға жүктелсін.

**Мектеп басшысы**



**К.Б. Жапаров**

Таныстым  
Б.К. Абылкасова  
А.Н. Дүйсенбай

**АТА-АНАЛАРДЫ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ҚОЛДАУ ЖҰМЫСЫ  
БОЙЫНША АҚПАРАТ**




 Бекітемін.  
 Мектеп басшысы  
 К.Б. Жапаров *жк*  
 «2» сәуір 2023 жыл

## "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары"

### Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жылдық жоспар 2023-2024 оқу жылы

**Мақсаты:** балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.

#### Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

1. балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
2. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
3. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

| №  | Тақырыбы                                   | Мазмұны                                                                                                                                           | Мерзімі | Өткізу форматы      |
|----|--------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|---------------------|
| 1. | Отбасы күніне орай «Family day»            | Анаммен дәмді ас дайындау.                                                                                                                        | Қазан   | Фото ақпарат        |
| 2. | «Қазақ аналары-дәстүрге жол»               | «Қазақ аналары-дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің Баянауыл ауданы бойынша төрайымы және бірлестік мүшелері келіп кездесу өткізді. | Қазан   | Дөңгелек үстел      |
| 3. | Отбасы тәрбиесі                            | Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылуы. Буллинг кибербуллинг жайлы ақпарат                                                             | Қазан   | Ата-аналар жиналысы |
| 4. | Ақыл айтпа, жол көрсет<br>«Оқырман отбасы» | Өзінді өзін сыйламасан, өзгеден сый дәметпе. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері                                         | Қазан   | Ата-ана оқулары     |

|     |                                             |                                                                                                                                                                            |           |                                                     |
|-----|---------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|-----------------------------------------------------|
| 5.  | «Зорлық-зомбылықтың психологиялық мәнісі»   | Зорлық-зомбылықтың бейне ролик көрсету, зорлық-зомбылықтуралы ашық әңгіме жүргізу.                                                                                         | Қараша    | Ата-аналармен дөңгелек үстел                        |
| 6.  | Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын-алу    | Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын-алу, негіздері туралы түсініктер беру.                                                                                                | Қараша    | Ата-аналармен кездесу                               |
| 7.  | Құқық бұзушылықтың алдын алу                | Құқық бұзушылықтың алдын-алу және ескерту бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.                                                                                           | Желтоқсан | Полиция қызметкерімен кездесу профилактикалық сағат |
| 8.  | «Біртұтас тәрбие »                          | Балаларды тәрбиелеумен дамытуда ата-аналарды немес әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша қарым-қатынасын күшейту,отбасы мәдениетін дамыту. | Қаңтар    | Ата-аналар жиналысы                                 |
| 9.  | Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына         | Ата-аналарды қолдау,кеңес беру.                                                                                                                                            | Ақпан     | Дөңгелек үстел                                      |
| 10. | Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу | Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу бойынша түсіндіру.                                                                                                             | Наурыз    | Ақпараттық түсіндіру тобымен кездесу                |
| 11. | Бұлақ көрсең, көзін аш.                     | Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы                                                                                               | Наурыз    | Ата-аналармен ұлттық ойындар сайыс өткізу.          |
| 14. | Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына         | Бабалар дәстүрі - ұрпаққа өсиеті - отбасының құндылығы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді талқылау және қолдану                                     | Наурыз    | Ата-аналармен балалардың қатысумен іс-шара          |
| 15. | Жасөспірім мінезінің                        | Жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар. Қорқыту. Әдепсіз                                                                                                                     | Сәуір     | Ата-ана жиналысы                                    |



|     |                                                    |                                                                            |       |                                                                     |
|-----|----------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|-------|---------------------------------------------------------------------|
|     | ерекшеліктері                                      | өскен адамнан, тәртіппен өскен<br>тал жақсы                                |       |                                                                     |
| 16. | Сүйіспеншілік –<br>сыйластық кілті                 | Жоғары сынып оқушысымен<br>«арнайы» тақырыптарда қалай<br>сөйлесуге болады | Сәуір | Ата-ана<br>жиналысы                                                 |
| 17. | Жасөспірімдер<br>арасындағы<br>құқық<br>бұзушылық. | Жасөспірімдер арасындағы<br>құқық бұзушылықтың<br>алдын алу                | Мамыр | Ата-аналар<br>мен<br>балалардың<br>қатысуымен<br>мәдени іс-<br>шара |
| 18. | Жаз мезгілінде<br>оқушылардың<br>өмір қауіпсіздігі | Оқушылардың өмір<br>қауіпсіздігі туралы түсіндіру<br>жұмыстары жүргізу.    | Мамыр | Танымдық<br>сабақ                                                   |

**БТГЖО Абылкасова Б.К**



**Ата-аналарды педагогикалық  
қолдау орталығының қызметін  
білім беру ұйымының қажеттілігі  
негізінде жоспарлау**

## АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

**МАҚСАТЫ:** балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту

### МІНДЕТТЕРІ:



1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;

2) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.



## ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ



### 2023 ЖЫЛҒЫ ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП:

- 44 вебинарлар (қазақ және орыс тілдерінде)
- 5 өңірлік семинарлар
- 5 шеберлік сағаттары
- 1 педагогтер конференциясын

### ӨТКІЗУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ

Іс-шараларды ұйымдастырудың түрлері:

- Тренингтер
- Іскерлік ойындар
- Дөңгелек үстелдер
- Пікірталастар, талқылаулар, т.б. );

## Функционалды міндеттерге толықтырулар енгізу:

### Мектеп директоры:

1. Орталықтың қызметіне басшылықты және бақылауды жүзеге асырады;
2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметіне ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-ресурстық тұрғыда қолдауды қамтамасыз етеді.
3. Позитивті ата-ана мәдениетін арттырудағы әлеуметтік серіктестікті дамытады.
4. Ата-аналарға арналған сабақтарға ата-аналардың назарын аудару мақсатында ақпараттық науқан ұйымдастырады.

### Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

1. Орталық қызметін реттейтін ішкі құжаттарын дайындайды және Орталық қызметін ұйымдастырады;
2. Орталық сабақтарын өтуге педагогтердің дайындығын жүзеге асырады;
3. Педагогтер арасында білім беру курсының сабақтарын реттейді;
4. Сабақтардың кестесін құрады және реттейді;
5. Мониторингтік зерттеулерге педагогтер, ата-аналар мен балалардың қатысуын қамтамасыз етеді;
6. Орталық қызметін БАҚ-та және әлеуметтік желілерде насихаттайды;
7. Орталық қызметі туралы ақпараттарды қалалық (аудандық) білім бөлімдеріне дайындайды;
8. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» аясында ата-аналарға білім алуға мотивация беру мақсатында сынып жетекшілер мен ата-аналармен өзара іс-қимыл жасайды.
9. Ата-аналарға арналған курстарды өткізу үшін педагогтерді оқытуды ұйымдастырады.



| «Даналық мектебі» клубының қатысуымен жаңа жылдық шараларды өткізу                                              | Іс-шараларды өткізу                                                        | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері | желтоқсан |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|-----------|
| Аталар, әжелер мен балалардың туысқандарының бірлескен жетістіктер көрмесін ұйымдастыру                         | Жалпы мектепішілік іс-шараны өткізу                                        | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары                    | қараша    |
| «Даналық мектебі» клубы мүшелерінің қатысуымен «Наурыз» мейрамын өткізу                                         | Жалпы мектепішілік іс-шара                                                 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері | Наурыз    |
| «Әжелер мектебі», «Жеңге мектебі» мүшелерінің қатысуымен «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні» мерекесін өткізу | «Отбасылық хобби» көрмесі                                                  | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері | Наурыз    |
| «Аталарға - тағзым!» мерекелік шарасын, «Жеңіс үшін рақмет!» челленджін өткізу                                  | Мектептік іс-шара, «Аталар мектебі» клубының мүшелерімен челленджді аяқтау | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері | Сәуір     |
| «1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні» мерекелік шарасын өткізу                                            | Мектептік іс-шара (шеберлер қалашығы, шығармашылық және қолөнер көрмесі)   | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері | мамыр     |

|   |                                                                                                                            |                                                       |                                                                |        |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|--------|
| 3 | «Даналық мектебі» клубының сабақтарын өткізу:<br>- Әжелер: «Бесік жыры – бар тәлімнің бастауы»                             | Әжелер қауымдастығын құру                             | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері | қазан  |
|   | «Аға мектебі» сабақтарын өткізу<br>- «Ағасы бардың – жағасы бар»                                                           | Ағалар қауымдастығын құру                             | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері | қазан  |
|   | «Жеңге мектебі» сабақтарын өткізу<br>- «Қыз–қылығымен көркем»                                                              | Жеңгелер қауымдастығын құру                           | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері | қазан  |
|   | «Ата мектебі» сабақтарын өткізу<br>- «Ата кәсіп – берекенің бастауы                                                        | Мектеп оқушылары үшін қолөнер көрмесін ұйымдастыру    | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері | қараша |
|   | «Әжелер мектебі» сабақтарын өткізу – «Әжем үйреткен...» әжелер шеберлік сыныбы (тамақ әзірлеу, тігін тігу мен тоқыма т.б.) | Қыздардың қатысуымен жалпы мектептік іс-шара          | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері | қараша |
|   | «Жеңге мектебі» сабақтарын өткізу - «Қыздар білуге тиіс... (тұрмыстық қажеттіліктер)                                       | Жоғары сынып оқушыларымен викториналық байқау         | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері | қараша |
|   | «Аға мектебі» сабақтарын өткізу - «Жақсылық жасап жарысайық                                                                | Ағалар мен мектептің жоғары сынып оқушыларының жарысы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері | қараша |



#### 1-4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАСЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

Отбасы - бақыт бесігі

Ата-ана өмірінің жобасы – бақытты адам

Білімдіге дүние жарық. Біліп, тану  
қуанышы: сүйсініп оқимыз

Әрбір бала – жарық жұлдыз: оны қалай  
ашамыз

Баланы жастан... Баланың білімдарлығы  
мен ептілігін қалай дамытамыз

Ойынға тәуелділікті қалай жеңуге болады?

Сенім арту - жетістік көпірі

Қиын жағдайда баланы қалай демейміз

Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз  
өсер

Үлгі болу арқылы тәрбиелеу

Тәлімменен өрілген біздің дәстүр  
Дәстүрлер отбасылық саламаттықтың  
негізі ретінде

#### 5-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

Баланың бас ұстазы – ата-ана.

Позитивті ата-ана болу: тыңдау, есту, естірте  
білу

Ақыл айтпа, жол көрсет.

Оқудың жаңа шарттары: бала бейімделуден  
қалай өтеді

Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап  
бер

Өз балаңның жүрегіне кілт табу

Бұлақ көрсен, көзін аш.

Шығармашыл тұлғаны өсіру

Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері.

Интернеттегі бала: ортақ шешімге келу

«Әр нәрсенің өлшемі бар...»

«Керек» пен «қалаймын» арасындағы тепе-  
теңдікті ұстап тұру

Жасөспірімдермен қарым-қатынас  
құпиялары.

Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына

#### 10-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...

Тұлға – адамгершілік құндылықтар негізіндегі  
өзін-өзі дамыту нәтижесі ретінде

Көркем мінез – баға жетпес байлық.

Эмоционалдық интеллект – табысты тұлғаның  
негізі

Сен жанбасаң лапылдап...

Балаға өз қалауын табуға қалай көмектесеміз

Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы  
Жоғары сынып оқушыларының қауіп-қатер  
аймақтары

Әлеуметтік желілер және интернет-кеңістігі:  
жоғары сынып оқушыларының қауіпсіз мінез-  
құлқы

Күйзелістен шығар жол

Сүйіспеншілік – сыйластық кілті

Атадан өсиет, анадан қасиет. Отбасы  
дәстүрлері мен құндылықтары



## БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДА «АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

### МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

#### ІС-ӘРЕКЕТІ:

1. Педагогикалық қолдау көрсету орталығын ұйымдастыру туралы бұйрық шығару.
2. Педагогтерден тұратын шығармашылық жұмыс тобын құру. Топтың басшысы және жауапты тұлға ретінде директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарын тағайындау.
3. Сабақ кестесін бекіту, қажетті ресурстары бар кабинеттерді бекітіп беру (кабинеттер, акт залы, т.б).
4. Орталықты құру, оның мақсаты мен міндеттері туралы ата-аналарды құлақтандыру мақсатында ата-ана жұртшылығының белсенділерін қатыстыра отырып, жалпы мектептің, сыныптардағы ата-аналар жиналысын өткізу.
5. БАҚ, әлеуметтік желілерде Орталықтың қызметін көрсету бойынша жұмысты жандандыру.

#### МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ КЕҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРКТЕСТІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

- ✓ ата-аналар оқулары, ата-аналар конференциялары; ата-аналар, әкелер, аналар, әжелер, аталар форумдары;
- ✓ бірлескен жобаларды іске асыру;
- ✓ консультациялық жұмыс;
- ✓ ата-аналар мен балалардың қатысуымен шығармашылық, спорттық, мәдени іс-шаралар (концерттер, театрландырылған қойылымдар, марафондар, жәрмеңкелер, көрмелер, флешмобтар, жорықтар, отбасылық қонақ бөлмелері);
- ✓ ашық есік күндері, ата-аналар аптасы, ата-аналар марафондары;
- ✓ Ата-аналар қауымдастығын құру.



«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»  
жұмысын ұйымдастыру,  
қызметін жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің \_\_\_\_\_

(хат/бұйрық номері, күні)

«\_\_\_\_\_» хатына/бұйрығына байланысты

(хат/бұйрық тақырыбы)

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:
  - Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау мектеп директорына жүктелсін;
  - Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына: ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету; Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін;
  - Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына: Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;
  - Мектеп кітапханашысына: педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.
1. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен және шығармашыл педагогтер арасынан Орталық қызметін қамтамасыз ететін жұмыс тобы құрылып, құрамы бекітілсін.
2. 2023-2024 оқу жылына Орталық сабақтарының Бағдарламасы вариативті компонентті таңдау мүмкіндігімен және ата-аналарға сабақ беру бағдарламасының 20-30% әзірлемесі құрастырылып, контенттің мазмұнын сапалы құрылсын, педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.
3. Орталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағыты енгізілсін.

1. Орталық қызметін мектепшілік бақылауға алу, мектепшілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары \_\_\_\_\_ жүктелсін.

(аты-жөні)

7. Педагогтерге ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының вариативті компонентінің әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары \_\_\_\_\_

(аты-жөні)

жүктелсін.

8. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру сынып жетекшілерге жүктелсін.
9. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.
10. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың облыстық, республикалық форумында тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.
12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры


қолы

Қолтаңбаның толық жазылуы

Таныстырылды:



«Отбасы» күніне орай «Family day» облыстық жобасының 6 оқушы қатысты. Анасымен бірге дәмді ас әзірлеу анасына көмек беру. Отбасылық дәстүрлер мен Олар: 2-сынып оқушылары Теміршот Әміржан, Алимов Мирас және 3-сынып оқушылары Амангелді Айсезім, Қабдрахым Сырғалым, 4-сынып оқушылары Асқарқызы Нұрай, Алимов Есназар. Олар осы жоба аясында үйде аналарымен әр түрлі тағам түрлерін дайындады.







## **"Қазақ аналары – дәстүрге жол"**

**"Қазақ аналары – дәстүрге жол"** республикалық қоғамдық бірлестігінің Баянауыл ауданы бойынша төрайымы Жамбы апамыз және бірлестік мүшелері келіп кездесу өткізді.

Кездесуде талқыланған тақырып көп болды. Соның ішінде;

- отбасылық құндылықтар,
- қазақ киімінің кимешектің қасиеті,
- әйел-ананың отбасындағы, қоғамдағы рөлі,
- тәрбиелік-танымдық мәселелер,
- қыз баланың жеке тұлға болып қалыптасуы және рухани дамуы туралы айтылып, талқыланды.

Кездесуге ата-аналар мен оқушылар қатысты.





**«Д.Рахметов атындағы жалпы орта білім беру» КММ ата-аналары  
жиналысының**

**№ 1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 4«қазан»2023жыл

Қатысқандар: 20

Күн тәртібінде:

- Жаңа оқу жылының басталуы және 2023-2024 оқу жылы бойынша оқу-тәрбие процесіндегі ерекшеліктер.
- Ата-аналарды қолдау педагогикалық қолдау орталығы ашылуы.
- Буллинг, кибербуллинг жайлы ақпарат беру.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылуы.

Буллинг кибербуллинг жайлы ақпарат Дүйсенбай Рахметов мектебінде ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыстың күн тәртібінде мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Абылкасова Б.К "Отбасы тәрбиесі" атты баяндама оқыды және әлеуметтік педагог Ажмагиева А.М қазіргі таңдағы ауқымды мәселенің бірі "Буллинг және кибербуллинг" жайлы ақпарат берген болатын. Ата -аналарға "Мектепте және мектептен тыс зорлық-зомбылықтың алдын-алу" туралы түсінік және оларды қалай алдын-алу жөнінде педагог психолог А.Қ.Қадырбекқызы түсіндіріп өтті. Күн тәртібінің тағы бір мәселесі Білім беру бөлімінің 564-Н бұйрығына сәйкес мектеп басшысы К.Б.Жапаров бұйрықпен таныстырып өтті. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуы бойынша мұғалімдер күні мерекесіне орай оқушылар мен ата-аналар арасында мұғалімдерге сыйлыққа ақша жинауға тыйым салу" жөнінде ескертті және бұйрықпен таныстырды. Ақша жинауға тыйым салынады. Отбасы – тәрбие көзі, мектеп оны шындаушы. «Тәрбиесіз берілген білім – тұл» деп ұлы ғұлама Әл-Фараби атап көрсеткендей, білімді ұрпақ тәрбиелеудің ата-ана мен мектептің тығыз байланысында өтуі биік нәтижеге жеткізеді.

Сөйлеушілер: Мектеп басшысы К.Б.Жапаров, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Абылкасова Б.К, әлеуметтік педагог Ажмагиева А.М, педагог психолог А.Қ.Қадырбекқызы.

Қаулы етті:

- Жаңа оқу жылының басталуы және 2023-2024 оқу жылы бойынша оқу-тәрбие процесіндегі ерекшеліктер негізге алынып, тиісті жұмыстар жүргізілсін.
- Ата-аналарды қолдау педагогикалық қолдау орталығы ашылуы.
- Буллинг, кибербуллинг жайлы ақпарат беру
- 

Төрайымы:



Мустафина А.

Хатшы:



Абылкасова Б.К



## Отбасы тәрбиесі

"Дүйсенбай Рахметов атындағы жалпы орта білім беру мектебі" КММ

"Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жөнінде хабарлаймыз.

#атааналардыпедагогикалыққолдау



Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылуы.

Буллинг кибербуллинг жайлы ақпарат Дүйсенбай Рахметов мектебінде ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыстың күн тәртібінде мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Абылқасова Б.К "Отбасы тәрбиесі" атты баяндама оқыды және әлеуметтік педагог Ажмагиева А.М қазіргі таңдағы ауқымды мәселенің бірі "Буллинг және кибербуллинг" жайлы ақпарат берген болатын. Ата -аналарға "Мектепте және мектептен тыс зорлық-зомбылықтың алдын-алу" туралы түсінік және оларды қалай алдын-алу жөнінде педагог психолог А.Қ.Қадырбекқызы түсіндіріп өтті. Күн тәртібінің тағы бір мәселесі Білім беру бөлімінің 564-Н бұйрығына сәйкес мектеп басшысы К.Б.Жапаров бұйрықпен таныстырып өтті. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуы бойынша мұғалімдер күні мерекесіне орай оқушылар мен ата- аналар арасында мұғалімдерге сыйлыққа ақша жинауға тыйым салу" жөнінде ескертті және бұйрықпен таныстырды. Ақша жинауға тыйым салынады. Отбасы – тәрбие көзі, мектеп оны шыңдаушы. «Тәрбиесіз берілген білім – тұл» деп ұлы ғұлама Әл-Фараби атап көрсеткендей, білімді ұрпақ тәрбиелеудің ата-ана мен мектептің тығыз байланысында өтуі биік нәтижеге жеткізеді.








### Ақыл айтпа, жол көрсет « Оқырман отбасы»



«Оқырман отбасы» оқуға құштар мектеп аясында отбасы мүшелерімен кітап оқу. Сол арқылы баланың бойынша қамқорлық ,сүйіспеншілік ізгі қасиеттерін ояту. Осы мақсатта отбасымен кітап оқу акциясы бойынша жұмыстар жүргізілді. Кітапқа деген махабатын ояту.













**«Д.Рахметов атындағы жалпы орта білім беру» КММ ата-аналары  
жиналысының  
№ 2 хаттамасы**

Өткізілген күні: «7» қараша 2023жыл

Қатысқандар:

Күн тәртібінде:

- Зорлық-зомбылықтың психологиялық мәнісі
- Зорлық-зомбылықтың түрлері.
- Зорлық-зомбылықтың түрлері мен себептерін зерделеп


Зорлық-зомбылықтың бейне ролик көрсету, зорлық-зомбылық туралы ашық әңгіме жүргізу. әлеуметтік педагог Ажмагиева А.М зорлық зомбылық туралы видео роликтер көрсетілді.

«Зорлық-зомбылықтың түрлері» педагог психолог А.Қ.Қадырбекқызы баяндама оқыды. Мектебімізде ата-аналармен отбасы мәселесі соның ішінде зорлық-зомбылық психологиялық мәнісі атты тренинг және ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді. Отбасы – бұл қоғамның бір бөлшегі. Отбасындағы зорлық-зомбылық құрбандарының көпшілігі – моральдық тұрғыдағы мінеуден қорқып, құқық қорғау органдарына шағымданудан бас тартып жатады. "Зорлық-зомбылықтың психологиялық мәнісі" ата аналармен дөңгелек үстел.

Сөйлеушілер: Мектеп басшысы К.Б.Жапаров, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Абылкасова Б.К, әлеуметтік педагог Ажмагиева А.М, педагог психолог А.Қ.Қадырбекқызы.

Төрайымы:

Хатшы:

Мустафина А.

Абылкасова Б.К

**Максаты:** Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету. Зорлық – зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бамауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

**Топта жұмыс істеу ережесі:**

1. Біреуі сөйлейді, басқалары тыңдайды.
2. Болып жатқанға белсенді қатысу.
3. Әркім өз пікірін білдіруге құқылы.
4. Пайда болған ой, сезімдерінді осы жерде және қазір айт.
5. «Басынан» «Аяғына» дейін жұмыс істеу.

**«Кел, амандасайық» ойыны.**

Жүргізуші алақанын соғады, қатысушылар бір - бірінің қолын қысады.

Жүргізуші коңырау соғады, қатысушылар бір - бірінің арқаларын сипайды.

Жүргізушілер сылдырмақты сылдырлатады, қатысушылар иықтарымен амандасады.

**«Жалғыз аяқ жол».** Тыңдаушылар шеңберде тұрып, музыкамен қимыл жасауды бастайды.

**«Төбе»** деген бұйрық бойынша барлық тыңдаушылар шеңбер ортасына қарай қолдарын көтереді, ал **«шұңқыр»** деген бұйрық бойынша қолдарын бастарына қойып, шеңбер ортасына қарай жиналып отыра қалады. **«Жалғыз аяқ жол»** деген бұйрық бойынша, бірінің артына бірі тұрып, қолдарын алдында тұрған адамның иығына қойып, музыка ырғағымен жүреді.

**Кіріспе**

Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық. Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы. Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – конституциялық заңдылықтың басты талабы.

Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп атауға болады.

- **Зорлықтың түрлері.**
- **Эмоциялық зорлық.** Балағаттау, қорлау, сөгу, балалардың жеке өміріне қол сұғу
- **Физикалық зорлық.** Соққылар, түрткілер, шымшымшулар, тепкілер, ұрулар, заттарды лақтыру, қабырғаға соғу, адамның жеке мәңгілігін бұзу



6. Дауысты көтеру, айқайлау, ұрсу, лақап атпен атау, сөзін бөлу зорлыққа жата ма?
7. Зорлықтың себебі не болып табылады?
8. Қорқыту – ол...
9. Физикалық зорлық – зомбылық – ол
10. Зорлық – зомбылық – ол....
11. Сіздердің араларында зорлық зомбылық жағдай болып көрдіме?
12. Зорлық зомбылықты көбіне кімге көрсетіледі.
13. Мен көбіне неден қорқамын.
14. Кімді көп ренжітеді?
15. Адамға қандай мінез-құлық ең тиімді?
16. Мен өміріме жауаптымын себебі.....
17. Біздің мектепте зорлық-зомбылық байқала ма?

### **Топпен талқылау**

1. Сіздің ойыңызша, неге біреу басқа адамға қатысты зорлық көрсетеді? /мазақтайды, күледі/ ? (Ол басқаларды төмендету ( мүмкін оны да біреу төмендеткен шығар) арқылы, жолдасын келемеждеп, оны күлкіге қалдыру арқылы өзіне назар аудартады. Оның ойынша жолдасын кемсіту арқылы айналадағы адамдардың құрметіне ие болуға, олардың басшысы болуға тырысады.)
2. Кімді жиі ренжітеді? (Кішілер, әлсіздер, бір нәрсемен басқаларынан ерекшеленеді)
3. Қаталдық көрсетудің себебі? (Үйдегі нашар қарым-қатынас. Жақындары тарапынан көңіл аударудың жетіспеушілігі, ата-анасының ажырасуы, басқалар тарапынан кемсіту, нашар үлгерім – осының бәрі ашу мен реніштерін көрсетуге әкеп соғады.)
4. Егер қысым көрсетілген жәбірленуші өте ақылды болса, сіздің ойыңызша, неге жәбірленуші оған қысым көрсетеді? (қызғаныш сезім, оның намысына тигісі келеді)
5. Жәбірленушігі көмек қажет деп ойлайсың ба? (Әрине қажет. Әңгімелесіп, ішкі ой сезімдерімен бөлісу)
6. Егер әңгімелесу көмектеспесе не істеу керек? (Ересектермен бөлісу, мұғаліммен, ата-аналармен, дау-дамайды басуға көмектесетін басқа ересектермен)
7. Егер жолдасың ашулы, көңіл-күйі нашар болса, қалай көмектесуге болады? (әңгімеге тартуға тырысу, оны не мазалап жүргенін анықтау, тыңдау, назар аудару, қолдау көрсету)

### **«Ойланып көрейік» жаттығуы. Уақыты 5 минут**

Максаты: Өмір туралы ұғымдарын дамыту.

### **Адам не үшін өмір сүреді.**

Мыс: білім алу үшін, адамдармен , тіл табысу үшін, әділ болу үшін, еңбекқор, адал, дарынды болу үшін.

**Мақсаты:** Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету. Зорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бамауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

**Топта жұмыс істеу ережесі:**

1.

- Біреуі сөйлейді, басқалары тыңдайды.
2. Болып жатқанға белсенді қатысу.
3. Әркім өз пікірін білдіруге құқылы.
4. Пайда болған ой, сезімдерінді осы жерде және қазір айт.
5. «Басынан» «Аяғына» дейін жұмыс істеу.

**«Кел, амандасайық» ойыны.**

Жүргізуші алақанын соғады, қатысушылар бір - бірінің қолын қысады.  
Жүргізуші қонырау соғады, қатысушылар бір - бірінің арқаларын сипайды.  
Жүргізушілер сылдырмақты сылдыратады, қатысушылар иықтарымен амандасады.

**«Жалғыз аяқ жол».** Тыңдаушылар шеңберде тұрып, музыкамен кимыл жасауды бастайды.

«Төбе» деген бұйрық бойынша барлық тыңдаушылар шеңбер **ортасына қарай қолдарын көтереді**, ал «**шұңқыр**» деген бұйрық бойынша қолдарын бастарына қойып, шеңбер ортасына қарай жиналып отыра қалады. **«Жалғыз аяқ жол»** деген бұйрық бойынша, бірінің артына бірі тұрып, қолдарын алдында тұрған адамның иығына қойып, музыка ырғағымен жүреді.

**Кіріспе**

Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық. Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы. Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – конституциялық заңдылықтың басты талабы.

Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп атауға болады.

- **Зорлықтың түрлері.**
- **Эмоциялық зорлық.** Балағаттау, қорлау, сөгу, балалардың жеке өміріне қол сұғу
- **Физикалық зорлық.** Соққылар, түрткілер, шымшымшулар, тепкілер, ұрулар, заттарды лақтыру, қабырғаға соғу, адамның жеке меншігін бұзу.
- **Қауіп –қатер.** Отбасын тастап кетемін деп қорқыту, әйелін немесе балаларын ұру.

**Сұрақтар.**

1. Сізге жақын адам әдейі сізбен сөйлеспесе, бұл зорлыққа жата ма?
2. Біреуге ызалану-бұл зорлық па?
3. Үнемі бақылау-махаббат па зорлық па?
4. Егерде сен зорлыққа ұрынсаң, қайда кімге бару керек?
5. Жалғыздыққа мәжбүрлеу-зорлық болып табыла ма?





**Құқық бұзушылықтың алдын-алу**  
**(Интернет қауіпсіздігі, ерте жүктіліктің алдын-алу, суицидтің алдын алу, зорлық-зомбылықты болдырмау) ата-аналар жиналысының анықтамасы**

**Өткізілетін мерзімі: 04.03.2024**

Отбасы – адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын адамның ең басты шағғы болып саналатын, баланың өсіп, өмір сүретін орны. Абай атамыз айтқандай: Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. - демекші, өз балаңыздың дұрыс қалыптасуына ықпал ететін бірден-бір тұлға өзіңізсіз.

Сіз ұлыңызды немесе қызыңызды тек өзіңіздің ата - аналық қуанышыңыз үшін ғана тәрбиелеп жатқан жоқсыз. Сіздің отбасыңызда және сіздің басшылығыңызда болашақ азамат, болашақ қайраткер және болашақ күрескер өсіп келеді.

***Интернет қауіпсіздігі. Кибербуллинг***

Ендеше құрметті әке - ана болашағынан зор үміт күткен балаларымызды мына заттардан аулақ өсірейік. Елде жасөспірімдер арасында өзіне өзі қол салатын факті жиілеп кетті. Олардың дені ғаламтормен байланысты. Балаларды компьютерлік ойынмен баулап алып, артынан оларды өлімге итермелейтін топтар көп. Жыл басынан бері сондай 14 топ анықталып отыр. Бұлармен алысудың амалы бар ма?

Балаларды қалай қорғасак болды? «Интернетте атауы ұдайы өзгеріп жататын казак тіліндегі қосымшалар мен топтар құрыла бастады. Яғни, бұлар Қазақстанға арнайы бейімделген ойындар. Олардың барлығы да «Синий кит» ойынының негізінде жасалған. Сатылып берілетін нұсқаулар бойынша балалар күн сайын тапсырмалар орындайды. Ал соңғы тапсырма – СУИЦИД.

СУИЦИД МӘСЕЛЕЛЕРІ. Суицид 15-19 жас аралығындағы жастардың арасындағы өлімнің екінші себебі. Суицидтің қауіп факторлары кешенді және өзара байланысты екені анықталды. Осындай факторларды анықтау және олардың суицидтік мінез-құлықтағы ролін түсіну суицидтің алдын алудағы орталық буыны. Сонымен бірге, отбасы – суицидтік мінез-құлықтың алдын алудағы қорғаудың негізгі факторы.

***Зорлық-зомбылықтың алдын –алу мәселелері***

Балаларға қатысты қатал көзқарас, қарым – қатынас және олардың қызығушылықтарын кемісудің түрлері мен формалары болып табылады: баланың денсаулығы, дамуы және әлеуметтенуі үшін ауыр зардап тигізеді. Жастар арасындағы кездесетін зорлық –зомбылық біздің қоғамымыздың орасан зор мәселесі, кейде оны анықтау қиынға соғады. Кейбір зерттеулерге сүйенсек, әрбір 5 –ші жеткіншек өзіне қарасты зорлықты бастан кешірген, зорлыққа ұшырағандардың орташа жасы -15 жас, жәбірленушілердің көбісі –қыздар, 4 –ші қыздың ары аяққа тапталған.

Зорлықтың санаттарын, формаларын анықтауға болады.

Физикалық зорлық (Буллинг): Сокқылар, түрткілер, шымшулар, тепкілер, ұрулар, заттарды лақтыру, қабырғаға соғу, біреуге езиян тигізу қаупі, адамның жеке меншігін бұзу, оның отбасына қауіп төндіру.

***Діни сауаттылық және отбасы***

«Отан - отбасынан басталады» демекші, жанұя қоғамның ең маңызды құрылымы. Сондықтан да Ислам отбасына көп көңіл бөледі. Дүниетанымдық, рухани құндылықтарды тасымалдаушы, жұбатушы, отбасы-неке қатынастарын реттеуші, интегративті-дезинтегративті қызмет т.б. Дегенмен соңғы жылдары Қазақстан қоғамында діннің мәртебесі мен беделі көтеріліп, дінге сенушілердің саны артты. Дін факторының белсенді рөл алуына байланысты өзіндік бірқатар мәселелер туындады. Әсіресе, діни сауатсыздықтың салдарынан орын алған келеңсіздіктер жалпак жұртшылықпен қатар дін мамандарын да аландатқаны анық. Осы орайда діни сауаттылық мәселесін арнайы қозғамақпыз. Дегенмен дін оқуын алыс шетелдерде оқып келгендер немесе шетелдік діндарлар осы ерекшеліктерге сай исламды түсіндіру керектігін ескермегендіктен, біраз жастар өз жерінде қалыптасқан исламның ерекшеліктерімен санасуды ескермеді. Ширк,



«Д.Рахметов атындағы жалпы орта білім беру» КММ ата-аналары  
жиналысының  
№ 3 хаттамасы

Өткізілген күні: «7» қараша 2023 жыл

Қатысқандар: 25

Күн тәртібінде:

- Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын-алу
- Әйелдер мен қыздар арасында әйелдердің құқықтық сауаттылығын арттыру
- Зорлық-зомбылықтың түрлері мен себептерін зерделеп

Қазіргі уақытта отбасындағы зорлық-зомбылық тақырыбы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі қоғамда орын алып жатқан түрлі жайттар қоғамды алаңдатпай қоймайды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық баланың дамуына және оның өмір бойы басқа адамдармен қарым-қатынасына ықпал етеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасы тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті. Көбінесе, әйелдер мен балалар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары болып табылады. Осыған сәйкес, әйелдер мен қыздар арасында әйелдердің құқықтық сауаттылығын арттырып, зорлық-зомбылықтың түрлері мен себептерін зерделеп, алдағы уақытта қылмыстық әрекеттерді болдырмау бағытында тиісті алдын -алу түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Осы ретте ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция майоры Асербаева Сапура Кайруллиновна, Баянауыл аудандық ПБ ӘҚЗЗҚ тобының инспекторы полиция лейтенанты Мекенова Ильмира Имантайқызы ата-аналармен кездесу өткізді.

Кездесу барысында «Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу негіздері» атты дәріс оқыды. Онда отбасылық келеңсіз оқиғалар, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас баланың мінез-құлқына тікелей әсер етіп, жасөспірімдерді заңбұзуға итермелейтіндігі туралы айтылды. Отбасындағы моральдық және этикалық құндылықтардың сақталуы өсіп келе жатқан жастардың болашағына зор әсерін тигізетіндігіне тоқталды. Сондай-ақ, тәртіп сақшылары оқушылардың жанұяларындағы қарым-қатынас тұрақтылығы жөнінде әңгіме өрбітіп, олармен сұрақ-жауап алысты. Сонымен қатар ата-аналарға жадынамалар таратылды.

Сөйлеушілер: полиция майоры Асербаева Сапура Кайруллиновна,  
Баянауыл аудандық ПБ ӘҚЗЗК тобының инспекторы полиция лейтенанты  
Мекенова Ильмира Имантайқызы

Төрайымы:

Хатшы:



Мустафина А.

Абылкасова Б.К



## Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын-алу

Қазіргі уақытта отбасындағы зорлық-зомбылық тақырыбы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі қоғамда орын алып жатқан түрлі жайттар қоғамды алаңдатпай қоймайды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық баланың дамуына және оның өмір бойы басқа адамдармен қарым-қатынасына ықпал етеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасы тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасакана әрскеті. Көбінесе, әйелдер мен балалар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары болып табылады. Осыған сәйкес, әйелдер мен қыздар арасында әйелдердің құқықтық сауаттылығын арттырып, зорлық-зомбылықтың түрлері мен себептерін зерделеп, алдағы уақытта қылмыстық әрекеттерді болдырмау бағытында тиісті алдын -алу түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Осы ретте ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция майоры Асербаева Сапура Кайруллиновна, Баянауыл аудандық ПБ ӘҚЗЗҚ тобының инспекторы полиция лейтенанты Мекенова Ильмира Имантайқызы ата-аналармен кездесу өткізді.

Кездесу барысында «Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу негіздері» атты дәріс оқыды. Онда отбасылық келеңсіз оқиғалар, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас баланың мінез-құлқына тікелей әсер етіп, жасөспірімдерді заңбұзуға итермелейтіндігі туралы айтылды. Отбасындағы моральдық және этикалық құндылықтардың сақталуы өсіп келе жатқан жастардың болашағына зор әсерін тигізетіндігіне тоқталды. Сондай-ақ, тәртіп сақшылары оқушылардың жанұяларындағы қарым-қатынас тұрақтылығы жөнінде әңгіме өрбітіп, олармен сұрақ-жауап алысты. Сонымен қатар ата-аналарға жадынамалар таратылды.

## **Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын-алу**

Қазіргі уақытта отбасындағы зорлық-зомбылық тақырыбы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі қоғамда орын алып жатқан түрлі жайттар қоғамды алаңдатпай қоймайды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық баланың дамуына және оның өмір бойы басқа адамдармен қарым-қатынасына ықпал етеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасы тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті. Көбінесе, әйелдер мен балалар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары болып табылады. Осыған сәйкес, әйелдер мен қыздар арасында әйелдердің құқықтық сауаттылығын арттырып, зорлық-зомбылықтың түрлері мен себептерін зерделеп, алдағы уақытта қылмыстық әрекеттерді болдырмау бағытында тиісті алдын -алу түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Осы ретте ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция майоры Асербаева Сапура Кайруллиновна, Баянауыл аудандық ПБ ӘҚЗЗҚ тобының инспекторы полиция лейтенанты Мекенова Ильмира Имантайқызы ата-аналармен кездесу өткізді.

Кездесу барысында «Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу негіздері» атты дәріс оқыды. Онда отбасылық келеңсіз оқиғалар, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас баланың мінез-құлқына тікелей әсер етіп, жасөспірімдерді заңбұзуға итермелейтіндігі туралы айтылды. Отбасындағы моральдық және этикалық құндылықтардың сақталуы өсіп келе жатқан жастардың болашағына зор әсерін тигізетіндігіне тоқталды. Сондай-ақ, тәртіп сақшылары оқушылардың жанұяларындағы қарым-қатынас тұрақтылығы жөнінде әңгіме өрбітіп, олармен сұрақ-жауап алысты. Сонымен қатар ата-аналарға жадынамалар таратылды.





**«Д.Рахметов атындағы жалпы орта білім беру» КММ ата-аналары  
жиналысының**

**№ 4 хаттамасы**

Өткізілген күні: «12» желтоқсан 2023жыл

Қатысқандар: 15

Күн тәртібінде:


- Құқық бұзушылықтың алдын-алу және ескерту.
- Құқық бұзушылық туарлы баяндама.
- Құқық бұзушылықтың түрлері мен себептерін зерделеп

Құқық бұзушылықтың алдын-алу және ескерту бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. "Біріңғай профилактикалық сағаты өткізілді. Құқық бұзушылық туралы толық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға видеороликтер көрсетіліп, ақпарат тар берілді, түсіндіру жұмыстары сұрақтарға жауап берілді.

Баянауыл аудандық ПБ ЖПҚБ ювеналды полиция тобының аға учаскелік полиция инспекторы полиция подполковнигі Әбікеева Дәметкен Босағақызы, Баянауыл аудандық білім беру бөлімінің әдіскері Зарина Муратовна қатысты. Профилактикалық сағатта оқушылармен құқық бұзушылықтың алдын алу және ескерту бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.


Сөйлеушілер: полиция подполковнигі Әбікеева Дәметкен Босағақызы, Баянауыл аудандық білім беру бөлімінің әдіскері Зарина Муратовна.

Төрайымы:



Мустафина А.

Хатшы:



Абылкасова Б.К



### Құқық бұзушылықтың алдын алу.

Құқық бұзушылықтың алдын-алу және ескерту бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. "Біріңғай профилактикалық сағаты өткізілді. Баянауыл аудандық ПБ ЖПҚБ ювеналды полиция тобының аға учаскелік полиция инспекторы полиция подполковнигі Әбікеева Дәметкен Босағақызы, Баянауыл аудандық білім беру бөлімінің әдіскері Зарина Муратовна қатысты. Профилактикалық сағатта оқушылармен құқық бұзушылықтың алдын алу және ескерту бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



**«Д.Рахметов атындағы жалпы орта білім беру» КММ ата-аналары  
жиналысының  
№ 5 хаттамасы**

Өткізілген күні: «16» қаңтар 2024жыл

Қатысқандар: 15

Күн тәртібінде:

- Отбасы құндылықтары дәріптеу.
- Ата-аналарды қолдау бойынша баяндама
- Ұлы тұлғаларды ұлықтау.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы негізінде мектебімізде ата-аналар жиналысы өтті.

Балаларды тәрбиелеумен дамытуда ата-аналарды немес әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша қарым-қатынасын күшейту, отбасы мәдениетін дамыту.

Балаларды тәрбиелеумен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналарымен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ отбасы мәдениетін дамыту. Баяндама біртұтас тәрбие педагог психолог А.Н.Дүйсенбай тренинг, «Тауып көр» ойыны кітапханашы А.А.Боранбай өткізді

Төрайымы:

Хатшы:



Мустафина А.

Абылкасова Б.К



### «Біртұтас тәрбие»

Балаларды тәрбиелеумен дамытуда ата-аналарды немес әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша қарым-қатынасын күшейту,отбасы мәдениетін дамыту.

Балаларды тәрбиелеумен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналарымен қарым-қатынасын күшейту,сондай-ақотбасы мәдениетін дамыту.








## Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына

Отбасы құндылығы сарқылмас қазына тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Ата-аналарды қолдау, кеңес беру, отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдылық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата-анасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру мақсатында өтті. Отбасы құндылығы үлкеннің өнегесімен, кішінің көрегенділігі мен құрылмақ. Елдің келешегі әр отбасында тәрбиеленіп өскен азаматтарға байланысты. Ендеше отбасы құндылықтары әрқашан елдің де, биліктің де назанырда болуы тиіс.







**«Д.Рахметов атындағы жалпы орта білім беру» КММ ата-аналары  
жиналысының  
№ 6 хаттамасы**

Өткізілген күні: «4» наурыз 2024жыл

Қатысқандар: 15

Күн тәртібінде:

- Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу бойынша түсіндіру.
- Оқушылардың өмір қауіпсіздігі.

Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу бойынша түсіндіру.

Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу бойынша ақпараттық түсіндіру тобының мүшелері Банауыл аудандық Мұса Мырза мешітінің имамы Берікбай Германұлы, аудандық жастар орталығының директоры Р.Ильдин. Дүйсенбай Рахметов атындағы жалпы орта білім беру мектебінің ата-аналарымен кездесу өтті. Діни экстремизм және терроризм туралы терең түсінік беріліп, оның түрлері, себептері мен зардаптары ұғындырылды.

Қоғамның әлеуметтік, құқықтық діни сипаттары түсіндіріліп, террорлы, лаңкестік және діни экстремистік бағытта араңдатуға жол бермеу қажеттілігіне баса назар аударылды. Сонымен қатар мектебіміздің әлеуметтік педагог Ажмагиева А.М. «Оқушылардың өмір қауіпсіздігі» бойынша баяндама оқыды. Отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты- дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесең жастан жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Ата-ана бала қауіпсіздігін сақтаудың ең бірінші орынға қою керек.

Сөйлеушілер: Банауыл аудандық Мұса Мырза мешітінің имамы Берікбай Германұлы, аудандық жастар орталығының директоры Р.Ильдин, мектебіміздің әлеуметтік педагог Ажмагиева А.М.

Төрайымы:

Хатшы:



Мустафина А.

Абылкасова Б.К



## Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу

Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу бойынша түсіндіру.

Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу бойынша ақпараттық түсіндіру тобының мүшелері Банауыл аудандық Мұса Мырза мешітінің имамы Берікбай Германұлы, аудандық жастар орталығының директоры Р.Ильдин. Дүйсенбай Рахметов атныдағы жалпы орта білім беру мектебінің ата-аналарымен кездесу өтті. Діни экстремизм және терроризм туралы терең түсінік беріліп, оның түрлері, себептері мен зардаптары ұғындырылды.

Қоғамның әлеуметтік, құқықтық діни сипаттары түсіндіріліп, террорлы, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу қажеттілігіне баса назар аударылды. Сонымен қатар мектебіміздің әлеуметтік ұстазы Ажмагиева А.М. «Оқушылардың өмір қауіпсіздігі» бойынша баяндама оқыды. Отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты- дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесең жастан жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Ата-ана бала қауіпсіздігін сақтаудың ең бірінші орынға қою керек.





